

## Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы

### Күшін жойған

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 59-5 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 4749 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 18-5 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 26.03.2024 № 18-5 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының экономика, қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Тұrap Рысқұлов аудандық  
мәслихаттың сессия төрағасы*

*К. Мадалиев*

*Тұrap Рысқұлов аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Т. Джаманбаев*

*Т.Рысқұлов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы "07"  
қыркүйектегі №59-5  
шешіміне 1-қосымша*

**Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары (әрі қарай - Қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- коммуналдық көрсетілетін қызметтер – тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жайлы тұру (булу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, қоқыс әкетуді қамтитын қызметтер;

- қызмет көрсетуші – коммуналдық қызметтерді көрсетумен айналысатын занды немесе жеке тұлға;

- өтініш иесі (жеке тұлға) – жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғын үй көмегін тағайындауга өтініш берген тұлға;

- уәкілетті орган – "Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Т.Рысқұлов ауданында тұратын Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайды тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

- кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды;

- коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының үлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға;

- мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге көрсетіледі.

4. Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

5. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының үлғаюы

бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп- ұсташа, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Отбасының (азаматтың) шекті үйдарынды шығындардың үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6. Тұрғын көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №226 бұйрығымен бекітілген тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібіне сәйкес анықталады.

7. Белгіленген нормадан жоғары тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеу жалпы негіздерде жүргізіледі.

Тұрғын үй көмегін көрсетуге өтініш қабылдау ағымдағы тоқсанның ішінде жүргізіледі және өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанға тағайындалады.

8. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын жайы (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға тапсыратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Мүгедектерді, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруы бар адамдарды, үш жасқа дейінгі баланы, мүгедек баланы, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарды бағып-күтуді жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілдегі органдарда тіркелмеген жұмыссыз тұлғаларды, жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін адамдары бар аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері**

9. "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 Қаулысына сәйкес өтініштерді қабылдау жүзеге асырылады.

10. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға аборенттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, тұрғын үй - жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан аса алмайды.

11. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандастының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы және тұрғын үй көмегі мөлшеріне әсер ететін басқа да факторлар туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеген жағдайда уәкілетті органға хабарлайды.

12. Тұрғын үй көмегінің заңсыз алынған сомалары алушымен ерікті тұрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі өтемақы шараларымен қамтамасыз етіletіn тұrғыn үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормалары ескеріледі:

1) өтемақы шараларымен қамтамасыз етіletіn тұrғыn үй алаңының нормалары:

- жеке басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің мөлшерінен аз емес және нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

- екі және одан да көп адамнан тұратын отбасының әрбір мүшесіне - 18 шаршы метр, бірақ нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

2) электр қуатын пайдалану нормалары (айына):

- 1 адамға -80 киловатт;

- 2 адамға -160 киловатт;

- 3 адамға -240 киловатт;

- 4 және одан да көп адамға – 300 киловатт;

Коммуналдық қызмет тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополисттік қызметті) реттеу бойынша аумақтық уәкілетті орган қолданатын, көрсетіletіn қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекітken кездегі коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламалы.

Тұrғыn үйді қамтамасыз етуге қажетті сумен, газбен, электрмен жабдықтауды және қоқыс шығару шығыстарын пайдалану нормалары мен тарифтерін қызмет көрсететіндер ұсынады.

14. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін аборенттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы "Әлеуметтік тұrғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін аборенттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген әлеуметтік тұrғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация

қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне сәйкес жүргізіледі.

## **2. Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі**

15. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, тұрғын үй-жайды падаланғаны үшін жалға алу төлемақысын өтеу өтемақы сомалары уәкілетті органмен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

## **3. Қорытынды ережелер**

16. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Т.Рысқұлов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
"07" қыркүйектегі №59-5  
шешіміне 2-қосымша

### **Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 10-6 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1911 болып тіркелген, "Құлан таңы" газетінің 2013 жылғы 16 сәуірде жарияланған).

2. "Т.Рысқұлов ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы №10-6 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы №10-8 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2030 болып тіркелген, "Құлан таңы" газетінің 2013 жылғы 29 қазанда жарияланған).

3. "Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы №10-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 23-10 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2187 болып тіркелген, "Құлан таңы" газетінің 2014 жылғы 04 мамырда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК